

К.К. Рахбаев , Г.Б. Избасарова* 

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

*e-mail: izbassarovagulbanu@gmail.com

СОЛТҮСТІК ҮСТІРТ (ДОҢЫЗТАУ) МЕШІТТЕРІНІҢ ТАРИХЫ (XIX ғ. ортасы мен XX ғ. басы)

Мақаланың мақсаты Арал-Каспий аймағының бір өңірі Доңызтауда (Солтүстік Үстірт) XIX-XX ғасырларда салынған діни-тұрғын (мешіті, мектебі, тұрғын жайлары бар) кешендердің зерттелу деңгейіне тоқталып, ескерткіштердің салыну тарихына назар аударту. Кеңестік кезеңде еліміздің тарихында әртүрлі аймақтардағы ислам дінінің таралу тарихы, өлкедегі мешіттер және діни қайраткерлердің өмірі мен қызметін зерттеу өзекті тақырыптардың қатарында болмады. Осыған байланысты рухани мәдениеттің мәйегі болған мешіттер мен діни-тұрғын кешендеріне қатысты, халық жадында сақталған мәліметтерді және жарық көрген еңбектерді зерделей отырып, ғылыми тұрғыда бағасын беру басты мақсатымыз болмақ.

Зерттеудің әдіснамалық негізі тарихилық пен объективтілік қағидаттарына сүйенеді, бұл жан-жақты әрі терең пайымдауларға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мақалада тарих ғылымының тарихи ескерткіштерді сипаттау, талдау және салыстыру әдістері кеңінен қолданылады.

Мақаланың ғылыми жаңалығы өңірдегі мешіттер мен медреселердің ерекшеліктеріне тоқталып, оларды сипаттауда. Діни-тұрғын кешендерге «мәдени мұрамыздың» бір бөлігі тұрғысынан назар аударылып, олардың шығу төркінін анықтауға талпыныс жасалды.

Осы жұмыстың нәтижесінде өңірде тұрғызылған мешіт-мектептерге материалдық мәдени мұрамыз ретінде қарап, ол мешіттерді салдырған тұлғалар, мектептерде ұстаздық қылған діни қайраткерлердің өнегелі өмірі мен қызметтерін зерделей отыра, көршілес Орта (Орталық) Азия халықтарымен рухани байланыстың орнын анықтадық. Доңызтау-Желтау мешіттерінің классификациясы жаңа деректер негізінде беріліп отыр.

Түйін сөздер: ислам, Солтүстік Үстірт, мешіт, діни-тұрғын кешені.

K.K. Rakhbayev, G.B. Izbassarova*

K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

*e-mail: izbassarovagulbanu@gmail.com

History of the mosques of Northern Ustyurt (Donyztau) (in the mid 19th and early 20th centuries)

The aim of this article is to determine the extent to which religious-residential complexes (mosques, schools, and residential buildings) constructed in the 19th–20th centuries in the Donyztau area (Northern Ustyurt) of the Aral–Caspian region have been studied, as well as to draw attention to the history of the construction of these monuments. During the Soviet period, the study of the history of the spread of Islam, the construction of mosques in the region, and the lives and activities of religious figures was not considered a relevant topic. In this regard, the main objective of our work is to provide a scholarly assessment of mosques and religious-residential complexes as embodiments of spiritual culture, based on data preserved in collective memory as well as materials from published research.

The methodological foundation of the study is based on the principles of historicism and objectivity, which make it possible to draw comprehensive and well-founded conclusions. The article widely employs methods of historical research, including description, analysis, and comparison of historical monuments.

The scientific novelty of the work lies in highlighting the specific features of mosques and madrasas in the region and providing their characteristics. Religious-residential complexes are examined as part of the “cultural heritage,” and an attempt is made to determine their origins.

By considering the mosque-schools built in the region as part of our tangible cultural heritage, and by studying the moral life and activities of the people who built these mosques and the religious figures who taught in these schools, we have identified the place of spiritual connections with the neighboring peoples of Middle (Central) Asia. Based on new historical materials, a classification of the Donyztau–Zheltau mosques is presented for the first time.

Keywords: islam, Northern Ustyurt, mosque, religious-residential complex.

К.К. Рахбаев, Г.Б. Избасарова*

Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актюбе, Казахстан

*e-mail: izbassarovagulbanu@gmail.com

История мечетей Северного Устьюрта (Донызтау) (в середине XIX и начале XX веков)

Целью данной статьи является выявление степени изученности религиозно-жилых комплексов (мечетей, школ и жилых домов), построенных в XIX–XX веках в местности Донызтау (Северный Устьюрт) Арало-Каспийского региона, а также привлечение внимания к истории строительства этих памятников. В советский период изучение истории распространения ислама, строительства мечетей в регионе, а также жизни и деятельности религиозных деятелей не входило в число актуальных тем. В этой связи главной целью нашей работы является дать научную оценку мечетям и религиозно-жилым комплексам, как воплощению духовной культуры, на основе изучения данных, сохранившихся в народной памяти, а также материалов опубликованных исследований.

Методологическая основа исследования базируется на принципах историзма и объективности, что позволяет сделать всесторонние и глубокие выводы. В статье широко используются методы исторической науки: описание, анализ и сравнение исторических памятников.

Научная новизна работы определяется тем, что были освещены особенности мечетей и медресе в регионе и даны их характеристики. Религиозно-жилым комплексам уделено внимание как части «культурного наследия», и предпринимается попытка определить их происхождение.

Рассматривая построенные в регионе мечети-школы как наше материальное культурное наследие, изучая нравственную жизнь и деятельность людей, построивших эти мечети, и религиозных деятелей, преподававших в этих школах, мы выявили место духовной связи с соседними народами Средней (Центральной) Азии. На основе новых исторических материалов впервые приводится классификация мечетей Донызтау-Желтау.

Ключевые слова: ислам, северный Устьюрт, мечеть, религиозно-жилой комплекс.

Кіріспе

Мақалада XIX ғ. ортасы мен XX ғ. басында қалыптасқан Арал-Каспий аймағына қарасты Донызтау өлкесінің тарихи-мәдени ескерткіштерінің бірі – мешіттер тарихы қарастырылады.

Өңірдің ерекшелігі Арал-Каспий аймағының мәдениеті мен тарихының дамуында, оның «өтпелі» кезеңнен хабар беретін, тарихи ескерткіштер жинақталған аудан болып табылуында. Оған себеп сәулет өнерінің дамыған орталығы Маңқыстау – Устірт жерінен бастау алған дәстүрдің, одан әрі солтүстікке қарай дамуы, жаңа кезеңде Донызтау тарихи-мәдени ауданы арқылы жүруінде. Өлке ескерткіштерінің басым көпшілігінің «өтпелі кезеңдік» сипаты дәстүрлі көшпелі салттан жартылай көшпелі, одан әрі жартылай отырықшылану үрдісіне (XIX ғ. ортасы) көшкен уақытта кеңінен дамыған. Өлкеде көшпелі дәстүрдегі қорымдардан (зираттардан) бөлек, күзгі және қысқы (қырлар мен сайлы жерлерде) тұрақтарда діни-тұрғын кешендері бой көтеріп дамығандығын көреміз.

Аталған ескерткіштер алыс, әрі жетуі қиын жерлерде орналасқандықтан діни-тұрғын кешендеріне қатысты құрылыстардың жақсы сақталынуымен ерекшеленеді.

Зерттеудің әдістемесі

Зерттеудің әдіснамалық негізі тарихилық пен объективтілік қағидаттарына сүйенеді, бұл жан-жақты әрі терең пайымдауларға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мақалада зерттеу нысаны – мешіттер тарихы қарастырылатын болғандықтан, тарих ғылымының этнография, этноархеология және ескерткіштану салалары қамтылып, кешенді сипатқа ие болды. Соның ішінде тарихи ескерткіштерді зерттеудің «этнографиялық ескерткіштану» саласының, жылжымайтын тарихи-мәдени тарихи ескерткіштерді зерттеуде қолданатын кешенді (бірнеше ғылымдар саласы қамтылған) әдіснамалар пайдаланылған. Олар: сәулеттік-құрылымдық талдау (құрылыс материалдары мен ерекшеліктерін зерттеу), жазбаша дерек көздерімен жұмыс (жазбаша және мұрағаттық деректерді сараптау) және картографиялық түсірілім (ескерткіштердің орналасқан жерін анықтау үшін географиялық карталармен жұмыс) әдістемелері қолданылды. Этнографиялық дерек жинау (тарихи ескерткіштерге қатысты жергілікті халық жадында сақталған ақпарды жазып алу) әдісі еңбектің құндылығын асыра түсті. Бұл әдістер ескерткіштерді жан-жақты зерттеуде көмектеседі.

Талқылау

Өңірге қатысты алғашқы жазбалар қатарына XIX ғ. жазылған зерттеулерді жинақ етіп шығарған «Первые русские научные исследования Устюрта» деп аталатын еңбектен көруге болады. Жинақта Г.С. Карелиннің, Ф.Ф. Бергтің, Э.А. Эверсманнның Үстіртті зерттеуге арналған экспедициялардың жазбалары берілген. Зерттеушілер өлкенің табиғаты, өсімдіктер дүниесі, жер-су атаулары, ескі жолдар, құдықтар, бұлақтар және тарихи ескерткіштері турасында ақпараттар жариялаған (Журнал экспедиции, 1963).

XX ғ. 30 жж. жарияланған И. Лариннің «Урочище Донгуз-Дау и его значение как кормовой базы в жизни рода Табын Адаевского уезда» (Ларин, 1928), О.С. Вяловтың «Колодцы и источники Устюрта» атты еңбектерде өңір табиғаты, шаруашылығының ерекшеліктері, жер атаулары, құдықтар туралы мәліметтер келтіріледі (Вялов, 1934). Осы бағытта жазылған еңбектерге XX ғ. 70 жж. жарық көрген С.В. Викторовтың «Индикация старых путей кочевания казахских родов табын и адай и ее значение для современного освоения Устюрта» (Викторов, 1971а), «Пустыни Устюрт и пути ее освоения» атты еңбектерінде атауға болады (Викторов, 1971). Автор еңбектерінде өңір қазақтарының табын, адай руларының ескі көш жолдары негізінде көшпелі ауылдардың көшу бағыттарын саралай келе құдықтар, бұлақтар, жер-су атаулар туралы ақпараттар береді.

Этнограф, ғалым Х.А. Арғынбаевтың «Қазақ халқының қолөнері» атты монографиясында XX ғ. 60 жж. Батыс Қазақстан аймағына жүргізген этнографиялық зерттеулері кезінде жиналған мәліметтерінде Доңызтаудың Тасастау-Қайнарындағы Досжан ишан Қашақұлының мешіті турасында мәлімет береді (Арғынбаев, 1987).

Доңызтау өңірінің ескерткіштерін алғаш зерттеп, оларға қатысты тың мәліметтер беріп, ғылыми айналымға енгізген ғалым С.Е. Әжіғали болды (Аджиғалиев, 1994; Ажигали, 2002). Өңір ескерткіштерінің «діни – тұрғын кешендік сипаты» бар екенін айқындап, олардың алғаш сипаттамалары, сызбалары, өлшемдері және фотоларын жарыққа шығарған да аталған ғалым еді.

Бұл жерде «діни-тұрғын кешен» мағынасы: «мешіт, медресе, тұрғын үйлер, шаруашылық құрылыстар, рулық зираттар (қорымдар), бұлақтар немесе құдықтар (оның астауларымен)» бар ескерткіштерден тұрады. «Діни-тұрғын кеше-

ні» (культово-жилищные комплексы) терминін ғылыми ортаға енгізген де ғалым С.Е. Әжіғали болды. Ол Доңызтауда 20-ға жуық діни-тұрғын кешендерін тауып, оның біршамасына зерттеу жүргізген (Ажигали, 2002).

Ғалымның «Ескерткіш ел тарихы» атты еңбегінде өлкеде XIX ғ. ортасы – XX ғ. басында салынған Бесбай, Ақсай мешіттерінің алғаш рет жоспары мен сипаттамалары көрсетілген (Ескерткіш ел тарихы, 1992)

Көп ұзамай аталған ғалымның «Памятники Доңызтау (Северный Устюрт)» және «Традиционная система скотоводческого поселения казахов (в историческом развитии)», – атты еңбектері жарық көрді. Осы еңбектерінде автор кешендердің салынуына XIX ғ. ортасында қазақ даласындағы көшпелілердің жартылай-отырықшылыққа ауысуының әсері және ислам дінінің қарқынды жүрген идеологиясы маңызды рөл атқарғанын жазды. Діни-тұрғын кешендерде негізінен ишан, молда, медресенің оқытушылары және жатақтар өмір сүрген. Мұндай кешендер көшпелі қазақтардың көш жолдарының бойында күзеу қонысына салынады. Қой-ешкінің күйігін алу, күзем жүнін қырку, соғым сою, қыстау-қораларды жөндеу, тұрмыстық заттарды дайындау және отын әзірлеу секілді қыруар жұмыстар осында, күзеу өрісінде атқарылатынын жазды. Автор ойын жалғастыра келе: «сонымен қатар, ишан-молдалар көшпелілердің балдарын оқытып, сауатын ашумен айналысты; қайтыс болған кісілер осында жерленіп, рулық зират-қорымдар көбейді; ірі ас беру жиі өткізіліп тұрды және басқа да түрлі қызметтер мешіт кешенінің (діни-тұрғын кешенінің) негізгі атқаратын жұмыстары болып табылды. Өз кезегінде көшпелілер де мешіт кешендеріне қыста жағатын отындарын жеткізіп беріп тұрды; жатақтар астықпен қамтамасыз етіп отырған», – деп ой түйеді (Аджиғалиев, 1994). Осылайша, діни-тұрғын кешендер XIX ғ. – XX ғ. басындағы көшпелілердің қоныстық жүйесінде, мәдениетінде, шаруашылықтарында маңызды рөл атқарғанын көрсетіп берді.

С.Е. Әжіғали «Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии», «Выдающиеся памятники архитектуры Актюбинской области», – атты еңбектерінде өлкедегі Сүлікті, Ащы айрық, Бесбай, жоғарғы Ақсай, төменгі Ақсай, Тасқабак, Сұлтан ахун және т.б. діни – тұрғын кешендердің ел тарихында маңызды мәдени және тарихи ескерткіштер қатарына жататынын жазды.

Өлкенің мешіт-медреселерінің архитектуралық шешімдеріне қатысты «Некоторые замечания об архитектуре казахских медресе», «К проблеме изучения культово-жилищных комплексов Западного Казахстана» деп аталатын мақаларын ғалым, өнертанушы Л.Р. Тұрғанбаева зерделеп, ғылыми басылымдарда жариялап жүр (Тұрғанбаева, 2011, 278-282; 2012,150-156).

Тақырыпқа қатысты жарияланған мақалалар қатарына, соңғы жылдары ұйымдастырылған экспедициялар нәтижелері бойынша өлкеде жаңа табылған «Изен ағаш» және «Бесбай» діни – тұрғын кешендері турасында жазылған С.Е. Әжіғали, Б.Ә. Әшімдердің еңбектерін атап көрсетуге болады (Әжіғали & Әшім, 2021; Әшім,2020).

Зерттеу нәтижелері

Доңызтау – Үстіртке көтерілер тұстағы (немесе Үстірт асты) Шаған өзенінің төменгі жағы және Үстіртке қарай жайылмалы ағыстарының ауданындағы жер, көгалды алқап (Герасимов, 1926; Ларин, 1928). Бұл өлкені солтүстік Үстірт сілемдері деп те атауға болады (Адджигалиев, 1994).

Бұл өңір аймақ тарихындағы тұтас бір кезеңін түсіндіретін жәдігерлерге толы, тарихи ескерткіштерге бай аудан. Зерттеуші С.Е. Әжіғали: «егер бұл өлкеге тарихи-мәдени тұрғыда қарайтын болсақ, өңірдегі тарихи ескерткіштер түрлерінің, олардың жасалу стиліндегі және материалындағы ерекшеліктер Маңқыстау-Үстірт діни-мемориалдық сәулет құрылыстары дәстүрінен айрықша, белгілі бір дәрежеде төлтума Доңызтаулық (Солтүстік Үстірт) ескерткіштер тобын құрайды. Ескерткіштер тобының басты ерекшелігі олардың көбі дерлік жаңа кезеңде ХІХ ғ. аяғы – ХХ ғ. басына салынғандығында», – деп жазды (Адджигалиев, 1994).

Доңызтау – Арал-Каспий аймағының мәдениеті мен тарихының дамуында белгілі бір дәрежеде «өтпелі» кезеңнен хабар беретін тарихи ескерткіштері көп өңір болып табылады. Оған себеп Арал-Каспий аймағының сәулет өнерінің мәдени орталығы Маңқыстау-Үстірт екені белгілі, осы дәстүрдің одан әрі солтүстікке қарай дамуының бір бағыты жаңа кезеңде Доңызтау тарихи-мәдени ауданы арқылы жүрді десек қателеспейміз. Екіншіден, Доңызтау ескерткіш-

терінің көбісінің «өтпелі кезеңдік» сипаты бар дегеніміз таза көшпелі, дәстүрлі шаруашылық көзінің жартылай көшпелі, одан әрі жартылай отырықшылану үрдісінің (ХІХ ғасырдың ортасы) жүрген уақытында кең өріс алып дамыған. Өлкеде далалық таза көшпелі дәстүрдегі қорымдардан басқа, қысқы тұрақтар да (қырлар мен сайлы жерлерде), діни-тұрғын кешендерінің бой көтеріп, салынуы жүрген. Өлкедегі осындай ерекшеліктер белгілі бір дәрежеде ескерткіштерінде айрықша бір дәстүрді қалыптастырды (Адджигалиев, 1994).

Солтүстік Үстірт ескерткіштері Арал-Каспий аймағының қиын жерлерінде, әсіресе Үстірт сілемдерінің жиектеріндегі үлкен сайлар мен жыраларда орналасқан (1 сурет). Бұл өлкедегі мешіт-медреселердегі ұстаздары мен шәкірттер оқу үрдісін қысы-жазы жүргізген. Өңірдегі қатал табиғаттың ыңғайына икемделіп қатты желдер мен жауын-шашынан қорғану үшін және су көздерінің (бұлақ, құдық) ыңғайына байланысты осындай табиғи ық жерлер таңдалған.

Жоғарыда айтып өткеніміздей сақталған Доңызтау ескерткіштері – хронологиялық межесі бойынша ХІХ ғ. ортасы – ХХ ғ. басына жататын құрылыстар. Осы кезең белгілі бір дәрежеде қазақ халқының өмірінде отырықшылану немесе жартылай көшпелілік, жаңа «тұрақты» қыстаулардың қазақтың дәстүрлі өмір сүру үрдісінде пайдалана бастауы кезеңімен сәйкес келді.

Доңызтау өлкесін мекендеген шөмішті табын рулары өкілдерінің арасында ХІХ ғ. ортасынан бастап өзіндік ерекше діни-тұрғын кешендері қалыптасты, кешендер құрамына негізінен: тұрақ үйлер, мешіттер, мектеп-медресе және рулық қорымдар кірді. Тұрғын үйлер мен қатар мешіт-медреседен алыстау жерлерде шаруашылық (қора, мал аула, құдық т.б.) үйлері де болған (1-сурет, Б). Ол кешендерде ишандар мен молдалар, мектептің оқушылары және көше алмайтын жатақтар тұрақты өмір сүрді.

Мұндай діни-тұрғын кешендердің бой көтеруіне аталған ру өкілдерінің қыстауға сол кездегі Хорезм (атап айтсақ, Қоңырат қаласы) ойына жақын жерлерге (Асау ұлы Дауіт батыр Қоңырат қаласына таяу жерде «Дауіт ата» қорымында жерленген) көшуімен байланысты болуы керек. Қоңырат қаласымен экономикалық-мәдени байланысқа ұласып, діни оқу орындарында оқыған шәкірттер өз жерлерінде (Доңызтауда) мешіт-медреселер салып, бала оқытады.

1-сурет. Доңызтау мешіттерінің қоршаған ортада орналасуы

А – Сүлікті діни-тұрғын кешенінің жалпы көрінісі;

Ә – Кіші Жыбысқы діни-тұрғын кешені. Сайда орналасқан мешіт пен жанындағы қосымша құрылыстар;

Б – Сұлтан ахун діни-тұрғын кешенінің жалпы көрінісі (автордың фотосы);

В – Тасастау – Қайнардағы Досжан ишанның діни-тұрғын кешені.

А.



Ә.



Б.



В.



*Ескертпе: А – К. Рахбаевтың фотосы; Ә – К. Рахбаевтың фотосы;
Б – автордың фотосы; В – аэрофото (Самашев, 2007).*

Доңызтаудың тарихи ескерткіштерін С.Е. Әжіғали зерделеп, ғылыми айналымға алғаш болып «діни-тұрғын кешен» түсінігін енгізді. Ғалым: «Доңызтауда осындай 20-ға жуық діни-тұрғын кешендері болған және ол кешендер көшпелі қазақтардың күзгі көш жолдарында салынған», – деп жазды (Аджигалиев, 1995).

Қыстауы Қоңыратқа жақын жердегі көшпелілер көктемде қар кетісімен солтүстік бағытта жылжиды, Доңызтауда жер кепкеннен кейін Шошқакөл арқылы Жайынды, Атжаксы, Темір өзендері арқылы жайлауға бағыт алады. Экономикалық өзгерістерге байланысты қазақ қоғамындағы көше алмайтын халықтың бір бөлігі және оқушыларға сабақ беретін молдалар түр-

ғын-жайлар, мешіт-мектептер отырықшылық салтты меңгере бастады.

Бұған қатысты XX ғ. басындағы деректерде: «В Донгуз-тау Акколкинской волости около 30-40 зимовок по Мане-саю и Чагану. В остальных волостях по краю Устьурта разбросано незначительное число зимовок, в которых живут киргизские монахи-отшельники, ахуны и ишаны, пользующиеся пожертвованиями кочующих мимо них киргизов», – деген мәліметтер бар (Ларин, 1928).

Бұл жердегі орыс тілінде «отшельник» деп отырғаны дін жолына түскен тақуа адам – «сопы» деген мағынада қолданып отырғандығын көреміз. Ал, «ахун» – сөзі мұсылман оқымыстылары-

ның атауы. Мұсылман оқымыстыларының жоғары дәрежесіне жетуіне байланысты – «ахун» атағы берілген. Сопылық ілімде «ишан» сөзі дін басылардың жоғарғы атақтарының бірі. Орта Азияда сопылық бауырластықтардың (туыстық, ағайындық) әр түрлі деңгейдегі жетекшілерін осылай атаған.

Жалпы алғанда Доңызтаудағы ғылыми тіркелген діни-тұрғын кешендері төмендегідей: Тасастау-Қайнардағы (Досжан ишан Қашақұлының) діни-тұрғын кешені, Жылыбұлақтағы (Сұлтан ахун Сексен ұлының), Сүліктідегі (Тұрмағамбет ахун, Шалдан) кешен, Үлкен Жыбысқыдағы діни тұрғын кешені, Кіші Жыбысқыдағы және Ащы Айрықтағы, Тасқабақтағы (Жұмағали ахун мешіті), Ақсайдағы діни-тұрғын кешендері (бұл жерде екі діни-тұрғын кешен бар: Ақсай -1 (Әреп ишан) және Ақсай – 2 (Әреп ишанның баласы Нұржан ишан), сонымен қатар Беспай, Көкейдегі, Шағымбай құдығының аумағындағы діни – тұрғын кешендері. Көріп отырғанымыздай ХІХ ғ. ортасы – ХХ ғ. басына жататын 12 діни-тұрмыстық кешен Доңызтау жерінде сақталған.

Алайда аталған діни-тұрғын кешендерді бірін-бірі білетін, бірінің алдында бірі оқып, шәкірт болған, танымал тұлғалар салғанға ұқсайды. Себебі, салыну үлгісі бір, құрылыстың барлық шешімдері ұқсас. Зерттеу барысында анықталғандай Доңызтау діни-тұрғын кешендері бір уақытта бой көтерді деп айтуға да болмайды.

Бұл *ескерткіштердің алғашқысы Тасастау-Қайнарда* шамамен 1850 жж. атақты тарихи тұлға Досжан Қашақұлының (1815–1890 жж.) ұйымдастыруымен салынған мешіттен бастау алады. Қайнардағы діни-тұрғын кешені Солтүстік Үстірттің оңтүстік-шығыс шоқысында орын тепкен. Бұл жерде Үстірттің сілемдері, қыраттары оңтүстікке қарай төмендеп түсіп, тіке құламалы жерлері азайғанымен, терең жыралы жерлермен ұласады. Мешіт осындай үлкен жыралы Тасастау өңірінде Қайнар деп аталатын белгілі көгалды алқапта орын тепкен. Қайнар бұлағының қасына өскен кішкене тоғай халық арасында кең танымал болған. Тарихи деректе: «Родник Кайнар славится среди местного населения, близ него стоит мечеть, разводится просо, дыни, арбуз есть даже небольшая роща», – деп көрсетіледі (Вялов, 1934).

Қайнардағы Досжан ишан Қашақұлының мешіті белгілі этнограф Х.А. Арғынбаевтың

зерттеулерінде: «Ел арасынан жинаған деректерге қарағанда, Тасастау-Қайнар бейітінің басына ХІХ ғасырдың екінші жартысында табын Досеке ишан көп бөлмелі үлкен мешітті кірпіштен салдырған. Досеке кезінде Меккеге барып келіп, табын ішінде ишандық құрған, бала оқытқан адам. Бұған 1962 жылы Тасастау-Қайнар мешітінен көптеген арабша жазылған діни кітаптар беттерін тапқанымыз қосымша дәлел болғандай», – деп жазды (Арғынбаев, 1987).

С.Е. Әжіғалидың зерттеулерінде Қайнар діни-тұрғын кешені үлкен мешіттен, тұрғын үй құрылыстарынан және оңтүстік-шығысқа қарай созылған орналасқан аумағы 200х300 м. болатын қорымнан тұрады деп көрсетіледі (Аджигалиев, 1994). (1 сурет В).

Жалпы мешіт төртбұрышты қалыпта, оңтүстіктен солтүстік бағытта созылғы салынған. Ғимарат қабырғалары ұлутастан саз ертіндісінен жасалған балшық негізінде, биік және қалың негіздеме үстіне тұрғызылған. Құрылысқа әр түрлі жыныстағы (ұлутас, күйдірілген қызыл түсті кірпіш, шикі күйдірілмеген кірпіш) және пішіндегі (қаланған кірпіштердің көлемдері бірдей емес) материалдар пайдаланылған. Мешіт қазіргі таңда қауіпті жағдайда тұр, оңтүстік қабырғасына салынған михраб қуысы құлаған. Солтүстік қабырғасының ортасы құлап, күмбездері опырылып түскен (2,3 сурет).

Мешіттің ішкі бөлмелері биік, қабырғаларының қалыңдығы 90 см. құрайды. Құрылымында екі тіреу мешіттің негізгі бөлмелерінің ортасынан қойылып, сол тіреулер арқылы мешіттің төрт қабырғасына аркалар шығарылған (3 сурет). Михраб қуысы бар бөлмеде ортада бір тіреу орналасқан. Одан төрт қабырғаға (батыс, шығыс, оңтүстік және солтүстік) төрт арка келіп қосылады. Шығыс қабырға жақтағы бөлмедегі тіреуді және арканы қалауда бір ерекшелік бар. Бұл жерде тіреу ортаға түсіп, ол сонымен бірге қабырғаның да қызметін атқарды. Тіреуден шығатын аркалардың ортасына кірпіштер қаланып, қабырғаның қызметін атқарып, тіреудің екі жағынан шығысы және батысынан есік салынған. Осылайша екі тіреу (пилон) арқылы қабырғаларға аркалар тасталып, сол аркалармен қабырғалар түйіскен жерлерінде троптар жіберіліп, оның үстіне күмбездер шығарылған. Ішкі қабырғалары шөп араластырған балшықпен сыланып, оның сырты ақ балшықпен (бормен) қалың қылып ақталған (3 сурет).

2-сурет. Қайнардағы Досжан ишан мешіті



Ескертпе: (С.Е. Әжіғали, 2006)

Мешіттің негізгі сиынатын бөлмелері орналасқан бөлігінің қабырғалары биік етіп қаланған. Осы негізгі ғимаратқа батыс жағынан екі бөлме және шығыс жағынан бес бөлме жалғастырылып салынған (4-сурет). Олардың қабырғалары төмендеу етіп қаланған. Бұл бөлмелер мешіттің батыс және шығыс қабырғаларында кішкене есіктер арқылы негізгі бөлмелермен байланысып жатыр. Аталған кішкене бөлмелердің төбелері шикі кірпішпен күмбезделіп, тоғыстырылып жабылған.

4-сурет. Қайнардағы Досжан ишанның мешіті



Ескертпе: (С.Е. Әжіғали, 2006)

Мешіт тобындағы құрылыстардан бөлек, солтүстік шығыста дөңгелек қалыпта, төменгі жағы ұлу тастардан (ракушняк) өрілген, оның жоғарғы жағы күйдірілген қызыл кірпіштен қаланып, төбесі күмбез болып (қазір күмбез төбесі құлап қалған) жабылған ғимарат бар. Бұл құрылысқа сырттан келетін есік оңтүстіктен са-

3-сурет. Қайнардағы Досжан ишан мешітінің ішкі бөлмесіндегі арка мен тіреу (пилон)



Ескертпе: (С.Е. Әжіғали, 2006)

лынған, сонымен қатар шығыс тұсында келесі бөлмелерге қатарласа екі есік тұрғызылған. Батысында, шығысында және оңтүстік қабырғаларында кішкене терезелер бар. Біздің ойымызша, бұл ғимараттың құрылысындағы ерекшелікке байланысты сопылардың зікір салатын орны деп болжауға болады.

Олай ойлауымызға себеп діни түсінік бойынша, ишанға ерген мүридке о бастан-ақ ишан арқылы ғана тариқаттың «жолын» ұғуға, игеруге болатындығы түсіндіріледі. Шәкірттерге ғылымның «қал» білім-ғылым, яғни, дәлелдейтін және «хәл» сенім ғылымы, сенімге негізделген концептуалды білімдер игерткен. Соңғы ғылым маңызды, себебі ол жүрекпен игеріледі, онда күдайды тануда қажетті қасиет бар. Сол секілді күдаймен бірігуге де сол жүрек арқылы байланыс жасалынып, оны әрдайым жетілдіріп тұру керек екенін шәкірттерге жеткізіледі (Абдрахманов, 2004). Осы мазмұндағы білімдерді игергеннен кейін мұриттерге «зікір» салуды үйретеді. Зікір үш түрлі жолмен: жүрекпен (көңіл), сөзбен және дене қимылымен орындалатын болған.

Алғашқы шәкірттер өздері жеке «зікір салып» жаттыққаннан кейін, жетіліп, «топпен зікір салуға» қосылатын болған. Зерттеуші Б. Абдрахманов қазақтар арасында зікірдің бұл түрлерін жеке және алқа зікір болып аталатынын көрсетті (Абдрахманов, 2004). Жеке зікір таспих санау арқылы құпия салынады. Алқа зікір – көпшілікпен, яғни жамағатпен салынатын зікір. Зікірге қатысушылар жағалай дөңгелене, яғни алқа жасап отыруына байланысты аталған. Жоғарыдағы ғимараттың көлемінің үлкен, қалпының дөңгелек болуы сипаттары осы алқа

зікір салуға ыңғайлы болу үшін жасалған деп түсінеміз.

Сұлтан ахун – діни тұрғын кешені

Тасастаудан оңтүстік-шығысқа қарай 50 шақырым қашықтықта Ащыбұлақ деген жерде Сұлтан ахунның үлкен діни-тұрмыстық кешені орналасқан. Мешіт XIX ғ. аяғы XX ғ. басында табын руының жалпақтіл бөлімінен тарайтын діни тұлға, мешіт имамы Сұлтан ахун Сексенұлының есімімен аталады. Діни-тұрғын кешені өте жақсы сақталған, Үстірт қырының терең жырасының табанына салынған (1 сурет Б). Діни-тұрғын кешені адам аяғы баспайтын алыс жерде орналасқандықтан жақсы сақталған.

Кешен Үстірттің тегіс жерінде орналасқан. Қорымнан және терең жыраның бойындағы мешіті бар діни-тұрғын жайлардан тұрады. Негізінен, кешен мәдени-діни бөліктен (мешіт-медреседен), тұрғын жай бөлімінен (үй құрылыстары, шәкірттер жататын худжралардан) (5-сурет) және шаруашылық (мал қамайтын қора, мал аулалар, құдықтар т.б.) бөлімдерінен тұрады (1-сурет Б).

5-сурет. Сұлтан ахун діни-тұрғын кешені оқушылар (мүриттер) тұратын үй-худжра



Ескертпе: (Қ. Рахбаевтың фотосы)

Қорымдағы бейіттерді зерттеу барасында, құлыптастардағы эпитафиялардан байқағанымыз, қорымда негізінен табын руының ажым, жалпақтіл бөлімдерінің өкілдері жерленген.

Екінші бөлік, шығыстан (жоғарыдан) батысқа (төменге) қарай созылып жатқан үлкен жар қабақ сайдың ішінде орналасқан. Осы жар түбіне шығыс және солтүстік жағынан тармақтала келіп екі жыра қосылады. Осы жыраның ортасында жылғаның орны бар. Көктем мен күз айларында осы жылғадан су ағатын болған, жағалай қамыс қаулап өскен. Жыраның оңтүстік бөлігінде үлкен қорым орналасқан. Қорым негізінен батыстан шығысқа қарай жылға мен қырдың ортасында орын тепкен.

Жылғаның арғы бетінде мешіт-медресесі бар, тұрғын үйлерімен қатар батыс беткейде қоралар мен аулалардың орындары сақталған (1-сурет Б).

Мешіт негізінен, жоғарыда айтылған медресенің батысында орналасқан (6,7 сурет). Мешіттің негізгі есігі аула жағында орналасқан Солтүстік жағынан кірген адам бір бөлмені ортасынан тіреу арқылы екіге бөлген тіке түстікке қарай бағытталған негізгі намаз оқитын бөлмеге енеді. Бұл есік төмен етіп жасалған. Кірген адам иіліп кіреді. Алайда ол жалпақ әрі енді. Бөлме ортасындағы тіреу күмбездің бір жанын шығаруға арналған. Осы бөлмелердің төбесі күмбезделіп жабылған. Сыртқы есікке қарама-қарсы негізгі намаз оқитын бөлмеге кіретін есік салынған. Бұл есік те төмен орналасқан.

6-сурет. Сұлтан ахун діни-тұрғын кешені. Мешіттің солтүстік-шығыстан түсірілген көрінісі



Ескертпе: (Қ. Рахбаевтың фотосы)

7-сурет. Сұлтан ахун діни-тұрғын кешені.
Мешіттің фасад бетінің көрінісі



Ескертпе: (Қ. Рахбаевтың фотосы)

8-сурет. Сұлтан ахун мешітінің ішкі бөлмесі



Ескертпе: (Қ. Рахбаевтың фотосы)

9-сурет. Жоғарғы Ақсай діни-тұрғын кешені.
Мешіттің шығыстан түсірілген көрінісі



Ескертпе: (Қ. Рахбаевтың фотосы)

Мешіт ішінің оңтүстік қабырғасында кішкентай етіп, михраб қуысы орнатылған. Осы михраб қуысының екі жағынан екі терезе түсірілген. Шығысындағы және батысындағы қабырғаларында үлкен сөрелер салынған. Шығыс және батыс қабырғаларына арка жіберіліп, олар бөлменің орта тұсында тропта түсіп, бөлмені екіге бөліп тұр (8-сурет). Аркалар әдемі, пропорциялық есебі дұрыс және көлемі ықшам салынған. Осылайша мешіттің намаз оқитын бөлмесі бір жағы аркаларға, ал екінші жағы оңтүстікпен солтүстіктегі қабырғаларда түйісіп, тоғыспа болып жабылған. Сонда намаз оқитын бөлменің төбесі екі қатарластырған тоғыспа болып, ал кіргендегі бірінші бөлмелердің төбесі күмбез болып көмкерілген. Мешіттің бөлме ішіндегі қабырғалары қара балшықпен сыланып, оның сырты күмдалып, ақ бормен ақталған (8-сурет).

Ақсайдағы Әреп ишанның (Ақсай I) діни-тұрғын кешеніндегі мешіт Ақтөбе облысы, Байғанин ауданының бұрынғы Ақтүмсық ауылынан шығыс, оңтүстік-шығыс бағытта 40 шақырым жерде орналасқан (Әжіғали, 1992). XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басына жататын тарихи діни-тұрмыстық кешенді табын руынан шыққан Жарасбай есімді бай салдыртқан. Мешіттің имамы Әреп деген ишан болды.

Мешіт төртбұрышты (9,50x12,80 м.) арнайы жобамен салынған (9-сурет). Қабырғалары өңделмеген тастан блок түрінде қиылып, саз балшықпен байланыстырылып өрілген.

Құрылыс мешіттен және батыс жағында жалғасқан екі бөлмелі тұрады. Мешіт құрылысының ортасынан тіреу орнатылып. Төрт қабырғасына төрт арка түсірілген, осы аркалар арқылы күмбездер өріліп, күмбез астындағы төрт бөлмені құрайды (10-сурет).

Негізгі мешіт ғимаратының солтүстігінде төртбұрышты жобада үлкен аула жалғастырылып салынған, сырттан мешітке кіретін есік осы солтүстік қабырғада бой көтерген. Сырттан кіріп келгенде, оңтүстік қабырғада кішкене михраб бар. Орталық колонада адам бойындай

биіктікте кішкене зат қоятын қуыстар орналасқан. Мешіт бөлмелерінің ішкі жағы саз балшықпен сыланып, оның үсті әктелген Ғимараттың ең биік жері – 5,50 м. жетеді. Мешіттің батыс және оңтүстігінде тұрғын және шаруашылық үйлерінің орындары сақталған.

10-сурет. Жоғарғы Ақсай діни-тұрғын кешені. Мешіттің ішкі бөлмесінің көрінісі



Ескертпе: (Қ. Рахбаевтың фотосы)

Ақсайдағы Нұржан ишанның (Ақсай II) діни тұрғын кешеніндегі мешіт XX ғасырдың басында тұрғызылған. Ақсайдағы діни-тұрғын (мешіт, тұрғын жайлар мен қорымдар) кешені Ақтөбе облысы, Байғанин ауданының бұрынғы Ақтұмсық ауылынан шығыс, оңтүстік-шығыс бағытта 40 шақырым жерде орналасқан.

Мешіт құрылысы шаршы жобада (9,41x9,30 м.) тұрғызылған ғимарат, шығыс жағынан қосымша құрылыстар бой көтерген. Саздан жасалған стилобат негіз болып, мешіт ғимаратының қабырғалары күйдірілмеген кірпішпен, саз балшықпен араластырылып, қаланған. Мешіт төрт бөлмелі, арка үстіне шығарылған төрт күмбезбен көмкерілген.

Ол аркалармен күмбездерді шығаруға мешіт ортасынан салынған тіреу (пилон) арқылы қол жеткізілген. Мешіттің оңтүстік қабырғасының ортасында михраб қуысы орналасқан, оның екі жағында терезе салынған. Ғимаратқа сырттан кіретін есік солтүстік қабырғада орналасқан. Мешіттің ішкі бөлмесінің қабырғалары саз балшықпен майланып, оның үсті әктелген. Ортаңғы қызметтік бөлменің әуел баста бөренелі жабуы болған, алайда қазір сақталмаған. Ол бөлмеге

есік оңтүстік-батыс бұрыштан салынған, қабырғаларында қуыстары бар. Ғимараттың сақталған биіктігі 3,80 м. құрайды.

11-сурет. Төменгі Ақсайдағы (Ақсай II) мешіт



Ескертпе: (Қ. Рахбаевтың фотосы)

Сүлікті діни-тұрғын кешені. Ескерткіш Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы бұрынғы Ақтұмсық ауылынан батыс, оңтүстік-батыс бағытта 50 шақырым жерде орын тепкен. Мешіт XIX ғасырдың II жартысында шөмішті табын руының өкілдерінің қонысында салынып, XX ғасырдың 30 жж. басына дейін, яғни ұжымдастыру кезеңіне дейін жұмыс жасаған. Осы мешіттің бой көтеруіне Тұрмағамбет ахун деген дін қайраткері мұрындық болды. Кейде осы Сүліктідегі мешітті «Шалданның мешіті» деп те атайды.

Мешіт кешені құрылымдық жағынан күрделі бір-бірімен тығыз байланыста салынған (20-дай әртүрлі құрылыстарды қосқанда) құрылыс топтарынан тұрады. Ғимараттың батысынан жалпақ аркалы етіп кешенге кірер есік салынған. Үлкен аула арқылы кешен екі бөлікке бөлініп тұр. Солтүстік бөлігі (тұрмыстық және шаруашылық) ал оңтүстік бөлігі (діни қызметтік) тобын құрайды (1-сурет А).

Құрылыстардың барлық қабырғалары саз балшықпен байланыстырып, жеңіл өңделген блок тастардан қаланған. Тек, негізгі кірер есік аркалы-парапет және оған қарсы қабырғасы ғана күйдірілмеген кірпіштен өрілген.

Кешеннің оңтүстік-батыс бұрышындағы қабырғалары берік етіп қаланып – негіздеменің үстіне тұрғызылған. Себебі осы жардың бұрыш жағының жер бедері сайға тіке құлама болып біткен, соны тегістеу үшін күшейтілсе керек.

Мешіттің ғимараты төртбұрышты жобада (7,80x11,00 м) салынған құрылыс. Мешітке сырттан кіретін есік аула жағынан да, батыс бөлігінде орналасқан құрылыстар жағынан да салынған. Мешіттің ішкі кеңістігі көлденең қабырға арқылы екі тең емес бөлікке бөлінеді, олар өз кезеңінде ортадан салынған тіреуге, аласа салынған аркалармен бір-бірімен байланысып жатқан 6 бөлмелерге бөлінген (Ажигали, 2002).

Шикі кірпіштен қаланып, бұрыштарында салынған тромптарды пайдаланып, аркалар жүйесіне негізделген ғимараттың алты бөлмесінің төбелері күмбез етіп жабылған (1-сурет А). Мешіттің ішкі бөлмелерінің қабырғалары саз балшықпен сыланып, оның үсті әктелген. Кешеннің аумағы жобада 25x30 м., ең биік сақталған бөлігі 4,50 м. Биіктікті құрайды. Мешіттің михрабы үшбұрышты қалыпта терең етіп, ғимараттың оңтүстік жарында салынған (Ажигали, 2002).

Жоғарыда сипатталған діни-тұрғын кешендеріне ұқсас құрылыс жобалары (табиғи орналасқан жері, кешеннің құрылымы т.б.) Доңызтауда жиі пайдаланылған. Мәселен, Ақтөбе облысының Байғанин ауданының бұрынғы Ақтүмсық ауылынан шығыс, солтүстік-шығыс бағытта 35 шақырым жерде орналасқан Шағырай үстіртінде Үлкен Жыбысқы діни-тұрғын кешеніндегі мешіт, сол секілді Тұщы-Айрық құдығынан солтүстік-батыс бағытта 16 шақырым жерде орналасқан Беспай кешенін айтуға болады. Бұл кешен де басқа жоғарыда сипатталған діни-тұрғын кешендеріне ұқсас арасы 800 м. болатын жоғарғы және төменгі құрылыстар кешендерінен тұрады (Әжіғали, 1992).

Соңғы жылдардағы зерттеулерінде ғалым С.Е. Әжіғали Доңызтаудағы «Құрсай» бейітіне жақын орналасқан «Изенағаш» атты шағын діни-тұрғын кешенін анықтап, кешенге қатысты мәліметтерді ғылыми айналымға енгізді (Әжіғали & Әшім, 2021).

Анықталған ескерткіш осы өңірдегі діни-тұрғын кешендерге тән сипаттарға ие. Атап айтқанда: кешен оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылықты орналасып 500 шаршы метрге жуық аумақты алып жатыр. Ескерткіштің орналасуына қарай үш негізгі бөлікке бөлуге болады. Біріншісі мешіт және тұрғын үй қирандысы, екінші бөлігі қоныстың оңтүстік-шығысында орналасқан қорым және үшіншісі кешеннің солтүстік-батысында (Үстірт шыңы астында орналасқан) құдықтар мен астаулары бар шаруашылықтан тұрады екен (Әшім, 2020).

Доңызтау өлкесі кең тараған тарихи ескерткіштерге толы, оның ішінде мешіті бар діни-тұрғын кешендерінің орны ерекше. Діни тұрғын кешендерінің шығу тегін іздестіргенімізде, мынандай жайтқа тап болдық. Көршілес тілі бір, тағдырлас қарақалпақ, түркімен халықтарының қоныстары кеңестік зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде де көрініс тапқан (Толстов, 1962; Толстов, 1962; Вайнберг, 1960; Жданко, 1960; Вайнберг, 1982; Есбергенев, 1993).

Ғалымдардың зерттеу нәтижелерін қарап отырып, сараптай келе мына жайттарға көзімізді жеткіздік. Көрші халықтардың сол уақыттағы қоныс кешендерінің, біздер зерттеп отырған ескерткіштерге құрылысы, атқаратын міндеті жағынан орналасуы және т.б. ұқсайтындығы, соның ішінде аз да болса күмбезді мешіттердің болғандығы анықталды.

Зерттеу қорытындылары бойынша күмбезді мешіттер негізінен «қысқы» мешіттер деп қарастырылса, олардың көбі табиғаты қатал аудандарда салынған. Негізінен күмбезді мешітті салу дәстүрі Бұқара аймағына тән (Воронина, 1971).

Сонымен қатар, Доңызтау аймағының діни-тұрмыстық кешендеріне ұқсас дәстүрде салынған кешендер Арал-Каспий аймағының басқа да өңірлерінде кездеседі. Мәселен, Желтау өңіріндегі Шолабай ахун және Шерлігүл ишанның діни-тұрғын кешендері солардың дәлелі.

Доңызтау-Желтау мешіттерінің классификациясы (жіктелуі). Өлкедегі мешіттердің түрін мен ерекшелігін ескере отыра, қолда бар деркестердің негізінде оларды жіктеу мынандай пайымға келіп отыр. Арал-Каспий аймағында салынған мешіттердің жалпы жіктемесі бойынша Доңызтау мешіттері үшінші топтағы, яғни, ғимарат белдіктерінің (белағаштардың) тегіс бірдей болып келетін (көп бөлмелі төбесі күмбезбен көмкерілген) мешіт түрлеріне жатады. Басқаша айтқанда «Тоғыспалы-күмбезді мешіттер», – деп топтадық, ол өз кезегінде бірнеше топқа бөлінеді. Ол бөліністер былайша көрініс табады:

I Күмбезді мешіттер

1. Алты бөлмелі алты күмбезді мешіттер;
2. Төрт бөлмелі, төрт күмбезді мешіттер;
3. Екі бөлмелі, екі күмбезді мешіттер;

II Төбесі тоғыспалы етіліп жабылған мешіттер

1. Алты бөлмелі, төбесі тоғыспалы етіп жабылған мешіттер.

III Жартылай тоғыспа, жартылай күмбез күйінде жабылған мешіттер

1. Төрт бөлмелі, төбесі жартылай тоғыспа, жартылай күмбез түрінде жабылған мешіттер;

2. Алты бөлмелі, төбесі жартылай тоғыспа, жартылай күмбез түрінде жабылған мешіттер.

I Төбесі күмбезді жабумен көмкерілген мешіттер Арал-Каспий аймағында кең тараған мешіттер түріне жатады. Осындай үлгідегі мешіттер аймақтың оңтүстігі Маңқыстаудағы Қанға бабадағы түрікмендердің мешіті, Үстіртте (Бейнеудегі) адай Күзембай ахунның алты күмбезді мешіті және Доңызтаудағы (Қайнардағы) табын Досжан ишанның алты күмбезді мешіті, ал солтүстігінде Ақтөбедегі Ойыл өзенінің Шилі саласындағы Досжан ишанның алты күмбезді мешіті және батысында Атырау жеріндегі (Құлсары) Жем өзенінің төменгі ағысындағы таз руынан шыққан хазірет Дүйсеке Дандығұлұлының алты күмбезді мешіттері бізге белгілі. Көріп тұрғанымыздай, үлкен жерді алып жатқан аймақта, мешіт салудың осындай дәстүрі тараған.

Бұл үлгідегі мешіттердің кеңінен тараған жері негізінен Доңызтау мен Желтау аймағы. Желтаудағы Шерліғұл ишан мешіті осы дәстүрді әдісті пайдаланған. Бұл төбесі күмбезбен жабылған мешіттер тобы, әрі қарай: алты бөлмелі, төрт бөлмелі, екі бөлмелі мешіттер, – деп түрге бөлінеді.

I 1. Төбесі күмбезбен көмкеріліп, алты бөлмелі алты күмбезді мешіттерге негізінен мынандай сипатқа ие. Мешіт ғимараты төртбұрышты қалыпта тұрғызылып, батысы және шығыс жарларына жалғастыра қосымша құрылыстар салынады. Мешіт алты күмбезді, ішкі бөлмесінде екі жерден тіреу қойылады. Ол тіреулердің (пилон) үстіне төмен етіп салынған колонналар шығарылып, олар жарлармен түйіседі. Ғимараттың барлық бөлмесінің төбесі күмбезбен көмкеріледі. Күмбездерді өргенде (шығарғанда) ғимараттың ішкі бөлмесіндегі бұрыштарында, күйдірілмеген кірпіштен жасалынған тромптарды (ғимарат қабырғасынан күмбезге ауысатын жердегі бұрыштарда салынатын тіреу) пайдалана отырып, аркалар жүйесін құраған. Терезелер күн сәулесінің, ішкі бөлмеге ену ыңғайына қарай салынған.

I 2. Осы топ мешіттерінің төрт бөлмелі күмбезді түріне, сол алты бөлмелі алты күмбезді мешіттердің, тек қысқартылған түрі болып табылады.

Төбесі күмбезбен жабылып, төрт бөлмелі, төрт күмбезді мешіттер салыстырмалы түрде қарапайым құрылыс шаршы жобада, табиғи тастардан, жарлары күйдірілмеген кірпіштен балшық араластырылып қаланған ғимарат. Ме-

шіттің михрабы, оңтүстік жарда екі терезенің ортасында салынып, негізгі бөлмесі ортадан түсірілген тіреу арқылы, төмен жасалын аркалар көмегімен, кішкене төрт бөлмеге бөлінеді. Бөлмелердің 4-інде күйдірілмеген кірпіштен өрілген кішкене төрт күмбез бар. Ғимаратқа сырттан кіретін есік солтүстік жардында орналасқан. Намаз оқитын негізгі ғимаратқа солтүстіктен және шығыс бағыттан қосымша құрылыстар жалғанып салынған.

Мәселен осындай мешіттер Доңызтаудағы төменгі және жоғарғы Ақсайдағы, Беспайдағы, Көкейдегі діни-тұрғын кешендерінде кездеседі.

I 3. Екі күмбезді, екі бөлмелі мешіттер салыстырмалы түрде қарапайым тіктөртбұрышты жобада салынған ғимараттар болып табылады. Негізінен оңтүстіктен солтүстікке қарай созыла бой көтерген, ғимараттың қабырғалары өңделмеген табиғи тастардан, кей жерлерде күйдірілмеген кірпіштермен қаланған. Мешітке сырттан кіретін есік солтүстік, кейде шығыс қабырғада орнатылып, ал ғимараттың солтүстік, шығыс (кейде батысында) жағында қосымша құрылыстар салынады. Құрылыстың оңтүстік қабырғасында михраб қуысы орналасып, оның фасады жағында қос терезе салынған. Кейбір мешіт ғимараттарында шығысы мен батысында терезелер орнатылған.

Жалпы мешіттің құрылымдық жүйесі, әсіресе күмбез жабудағы және бөлмелерін бөлудегі басы әдісі, ұзыннан тұрған ғимараттың ортасынан жар салынуы еді. Ол жар ғимаратты екіге бөліп, бөлу әдісі ортадан есік түсіру арқылы шешілген. Кейде төрт бөлмелі, төрт күмбезді мешіттерге ұқсас, жобада ұзына бойына қаланған ғимараттың ортасынан тіреу түсіріп, тіреу аркалармен байланыстырылған. Ал аркалардың үстіне үстіне күмбездер көмкерілген.

Екі бөлмелі, екі күмбезді мешіттер қатарына Желтауда салынған Көпбұлақтағы Сары ишанның мешітімен, Ортатаудағы мешіттер жатады.

Бұл күмбезді көп бөлмелі (алты, төрт) мешіттердің негізгі құрылымдық шешімі мынада: Төрт бұрышты жобадағы ғимарат ортасына бір немес екі тіреулер (пилондар)қойылып, ол аркалармен байланысады., Ал аркалардың үстіне күмбездер көмкерілетін болған. Бұл жерде барлық мешіттердің ішкі бөлмелері өте төмен, сырттан кіретін есіктері де төмен салынған. Зерттеуші Л. Ремпель бұндай құрылымның негізгі техникалық-құрылыстық ерекшелігін: «Күмбезді залмен қатар, көп күмбезді құрылым

қалыптасты. Қабырға бойымен немесе алаңды қоршай өтіп, тіреуге сүйенген күмбезді залдар және бір немесе бірнеше қатар болатын күмбезді галереялар. Бұл ғимараттардың, күмбез шығарудағы құрылыстық шешімі бір, тек күмбезбен бір зал емес, бірнеше бөлмелер көмкерілген, яғни күмбез салу әдісінің көбейтілген түрі. Бәлкім осыдан бүкіл ортағасырлық архитектурада қолданылған құрылыстың жобасын сеткілеп (гызбен) салу идеясы дүниеге келген. Ондай жағдайда гыз бойынша күмбезді сызып, остердің түйіскен жерінде тіреулер (пилондар) қойылады. Бір тіреу (пилон) төрт күмбезді көтеріп тұрады, төрт пилон өз кезегінде тоғыз күмбезді көтереді, яғни одан әрі жалғаса береді деген сөз. Бұндай әдіс жабық ғимараттарда пайдаланылған. Пилон үстіне қойылған аркалар арқылы көп бөлмеге бөлінген зал, бөлек күмбез астындағы кеңістікті құрайды. Олар аркалардың ойықтары арқылы, ғимараттың ішкі көрінісінің жалпы аумағын құрайды», – деп мазмұнын ашып жазды (Ремпель, 1982).

II Төбе жабыны тоғыспалы етіп жабылған мешіттер.

Бұндай мешіт қабырғалары алғашқы өңдеуден өткен құмтас блоктарынан, кей жағдайда шикі кірпіштен тұрғызылған ғимарат болып табылады. Қарастырылып отырған аймақта төбесінің барлығы тоғыспа түрінде жабылған мешіттер Доңызтаудағы Ащы айрық діни – тұрғын кешенінде орналасқан. Жалпы мешіттердің бұл түрі аз тараған.

II 1. Бұндай мешіттер тік төртбұрышты жобада, оңтүстіктен солтүстікке қарай созыла бой көтерген ғимараттар болып табылады. Мешітке батыстан және шығыстан қосымша құрылыстар жалғанып салынған. Ғимаратқа сырттан кіретін есік солтүстік жарда орнатылған. Төбе жабыны қорапты тоғыспа арқылы көмкерілген.

Төбені тоғыспа арқылы жабу төртбұрышты қалыпта солтүстіктен оңтүстікке созыла салынған ғимараттың ішінен, оңтүстік қабырғасындағы жарынан солтүстік қабырғасындағы жарына қарай, орталарына тіреу салып, сол тіреу үстінен аркілер жіберу арқылы шешім тапқан. Тізбектелген аркалар белгілі, мешіт ғимаратын іштен екіге бөліп тұр.

Екіге бөлінген ғимараттың төбесі шикі кірпіштен ұзына бойы батыс қабырғасынан шыққан тоғыспа, келесі шығыс қабырғадан шығып өрілген тоғыспамен ортадағы аркалармен түйіскен. Осылайша, мешіт құрылысындағы төбе жабыны қорапты тоғыспа етіп жабылған.

III Төбе жабыны жартылай күмбез, жартылай тоғыспалы етіп жабылған мешіттер негізінен XIX ғ. аяғы XX ғ. басында Доңызтау мен Желтау өңірінде салынған. Бұл мешіттердің құрылымы төртбұрышты жобада, мешіттің төбе жабындарын көтергенде «күмбезмен тоғыспа аралас» әдістері арқылы жасалған. Мешітке сырттан кіретін есік солтүстік қабырғада болса, ал михраб қуысы оңтүстік жарда орнатылады. Мәселен, Доңызтаудағы Сұлтан ахун мешітінің жобасындағы ғимараттың оңтүстік бөлігіндегі 4 – бөлмесінің төбесі бөлме ішінен тіреуге негіздеп салынған. Арканың жоғарғы жағы төбемен қосылып, ал жоғарғы жағы тоғыспа түрінде жабылған. Солтүстік бөлігіндегі екі бөлмесі күмбез әдісімен көмкерілген. Төбе жабыны күмбезді – тоғыспалы әдіспен араластыра жабу дәстүрі кейін Желтаудағы Шолабай ахун мешітінде жалғасын тапты.

Доңызтау өлкесінің ишандары мен ахундарының тағалымы. Жаңа заман көшіне, қазақ халқы ислам дінінің сопылық ишандық ілімі тараған және сунниттік ханафафилік бағытын ұстаған мұсылман халқы болып енді. Жоғарыда аты аталған жерлерде XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақтардың өз арасында білім беріп, елде бала оқытқан адамдар көп шыға бастады. Доңызтау өлкесі діни білімді тарату орталығына айналды.

Доңызтау ишандарымен ахундарының қай жерде оқып, тәлім-тәрбие алғаны туралы бізде мәліметтер мардымсыз. М. Сабитовтың «Мектебі и медресе у казахов» еңбегінде, ғалым қазақ балаларының осы уақытта Хиуа, Бұқара және Ресейдің медреселерде оқығандарын атап көрсетеді (Сабитов, 1983).

Патша заманындағы Түркістан өңіріндегі қазақ жастарының діни оқу орындарында оқығандығы жөнінде деректер әлі де өз зерттеушілерін күтуде. Мәліметтер бірең сараң еңбектерде кездеседі (И.Т. Мусульманские училища, 1874; Джунусбаев, 2004).

Жергілікті халықтың жадында сақталған мәліметтерге қарағанда (2005 жылы ақпарат берушы Серікбаев Темір 1939 ж.т., руы табын-ажым-қошқарбай бөлімі): «Доңызтау ишандарының көбісі Қарақалпақстанның Қарақұм деген жерінде оқыған», – деп айтты. Осы мәліметке сүйене отырып ізденіс жүргізгеніміз де, мынандай жайттар анықтадық. Қазақ халқының көршіліес халықтармен мәдени-рухани байланыстары тереңде жатыр (Абдуалиев, 2004; Абдуалиев, 2005).

XIX ғасырда қазақ жастарының көршілес Орта Азия халықтарының медреселерінде оқығандары біздерге мәлім (Сабитов, 1983). Соның ішінде, Хиуа хандығының құрамындағы медреселерде тәрбие алушы қазақ мүридтері көп болды. Бұл өңірге қыс айларында, Үстірттен түсетін негізгі Кіші жүз тайпаларының бірі – шөмішті табындар болатын (Шалекенов, 1964).

Халық арасында «Бесқала» аталған көрші халықтардың қалалар тобы, ол жердегі сауда базарлары көшпелі қазақтардың өмірінде үлкен орын алды. Осындай, сауда-экономикалық әрі шаруашылық байланыстар, XIX ғасырда мәдени байланыстардың да қарқынды дамуына негіз болды. Әрине осындай қатынастардың орнауына тілі бір, халықтардың мәдени жақындығы және ислам дінінің әсері басты фактор еді.

Арал мен Каспий теңізінің аралығын мекендеген Кіші жүз қазақтарының діни қайраткерлерінің өнегелі өмірлерін зерделей отырсақ, көбінің сол кездегі Хиуа, Бұқара хандықтарындағы діни білім беретін орындарда тәлім алғандарын білеміз. Мәселен, Пір Бекет ата Хиуадағы Шерғазы медресесінде ұстазы Бақыржан Қожада (Мұхаммад Бақыржан) оқыды. Досжан ишан хиуалық Олдан пірдің шәкірті болса, Шерлігүл ишан Хиуада медреседе тәлім алған. Бұл тізімді одан әрі жағастыруға болады және оларда діни мектептік дәстүр байланысы (силсала) болғандығын байқаймыз.

Қазақ халқының Орта Азияның отырықшы халықтарымен қарым-қатынасын зерттеуші ғалым, профессор У. Шәлікеновтың көрсетуінше: «осы өңірде өзбек, қарақалпақ, татар, қазақ молдаларында қазақ балалары білім алған» (Шалекенов, 1964). Осы мәселеге қатысты қарақалпақ ғалымы Қ. Еспергенов: «Жоқарыдағы көрсетілген мысаллардан Елмурат ахун мешиті XVIII әсирдің ақыры XIX әсирдің басларында салынған естелик. Онда бираз қарақалпақ, қазақ жаслары оқып, ислам дининің қағидаларын үйренуі менен бирге, олардың айырымлары шайырлық талантын усы жерде баслап хәх қәлиплестирген», – деп жазды (Есбергенов, 1993).

Сондай медреселердің бірі – Қарақұм медресесі болатын. Халық жадында (2005 жылы ақпарат берушы Серікбаев Темір 1939 ж.т., руы табын-ажым-қошқарбай бөлімі) сақталған ақпаратта: «Ту Қарақалпақта Қарақұм оқу бар көрінеді ғой, арғы Өзбекстанның Самарқанд, Әндіжан, Наманған деген жерден бері Қарақұм деген үлкен оқу орны бар көрінеді. Осы табын-

ның ишандарының көбісі сонда оқыған», – деген мәлімет негізінде, біздер «Қарақұм» атауына қатысты көптеген мәліметтерді жинақтау барысында мынадай түйінге келдік. Зерттеуші ғалымдар С. Мадуанов пен М. Шәлікеновтің көрсетулері бойынша: «Қарақұм ишан приехал из Туркистана после расселения каракалпаков в низовьях Амударьи. Впервые его увидели на территории современного Чимбайского и бывшего Караузекского районов Каракалпакии. Он ходил по домам, читал пятикратные молитвы и не с кем не разговаривал», – деп Қарақұм деген ишанның аты екендігін айқындайды (Мадуанов & Шалекенов, 2000).

Одан әрі, осы ғалымдар еңбектерін жалғастыра келе, ол діни тұлғаның өмірі туралы: «Представители духовенства и аульные аксакалы, посоветовавшись, пришли к мысли, что он не простой человек, а, наверное, святой. Уговорили его остаться у них. Аульные аксакалы построили усадьбу на том месте, где он молился. Здесь он и обосновал со временем религиозный орден. Истинное имя этого духовника Кутлы ходжа (Карақұм его прозвище). Он умер 1868 году, могила стала святым местом. Местность Карақұм ишан расположена на севере Каракалпакии, между Шахманом и Казахдарьей. В первой половине XIX в. это территория была густо населена оседлыми каракалпаками и кочующими казаками, которые не отличались религиозностью. Место, где обосновался Карақұм ишан, оказалось очень удобным для пропаганды исламской религии», – деп көрсетіледі (Мадуанов & Шалекенов, 2000).

Ғалымдар Қарақұм ишанның мекенін: «Аул Карақұм ишана представлял собой единственную суфийскую общину и занимал сравнительно большую территорию. Используя труд верующих, Карақұм ишан построил более трехсот помещений, принадлежавших как самому ишану, так и его сыновьям. Центр аула занимала мечеть, помещения, предназначенные для сыновей и приема посетителей, а также хозяйственные постройки: мельница, маслобойницы, гостиные, ремесленные мастерские и т.д. Кроме глинобитных домов были дворы с пристройками и юртами, в которых селились приезжие представители духовенства и богатые богомольцы», – деп жазды (Мадуанов & Шалекенов, 2000). Осылайша, Қарақұм ишан өз заманында өмір сүрген адам екеніндігін, ал оның ауылы «Қарақұм ишан ауылы», «Қарақұм ауылы», – деп аталғаны белгілі болды.

Қарақалпақстанда Шымбай жерінде 1855 жылы туып 1937 жылы Тақтакөпір ауданының (бұрынғы Дәукара) «Қу сирақ сала» деген жеріде дүниеден өткен, діни қайраткер, ақын Әйімбет Қаймақбай ұлы өз шығармасында Қарақұм ишан туралы:

«... Құдыреті күшті Аллаға,
Құлшылық орын мешіт бар.
Сол мешітте ізгілік,
Иман менен әділдік
Тыңда балам, есіт бар...
Имансыздықтан сақ болғын,
Имандыға жақ болғын.
Жаман елден бетің бұр,
Жақсы елге көшіп бар...
Алайын еске Алланы,
Айтқанымыз болмады.
Қарақұм ишан дінімің,
Болған еді ау қорғаны ...», –

деп жырлаған еді (Әйімбет ишан, 2004).

Әйімбет ишан Қаймақбайұлы Қарақұм ишанның вакуфтың жерлері болғандығы және кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында оның медресесінде балалар оқығанын атап өтеді. Халық жадындағы деректер мен жарияланған ғылыми еңбектерге сүйенсек, Доңызтау ишандарының біразы Қарақалпақ жеріндегі Қарақұм ишан медресесінде оқығандығы дәлелдене түседі.

Қорытынды

Қай қоғам болсада тұйық, оқшауланып дами алмайтыны анық. Көршілес халықтармен мәде-

ни-экономикалық байланыстардың жандануы жергілікті тұрғындардың рухани толысуына да әсер етеді. Сондай үрдістердің біріне қазақ халқының рухани-мәдени салада көршілес Хиуа өңірі халықтарымен жүргізген байланыстарын жатқызуға болады. XIX ғасыр бойы осындай процесстердің ауқымы кеңіп, тереңдей түсуі қазақ даласына аттары мәшхүр діни қайраткерлерді дүниеге әкелді. Көріп отырғанымыздай, қазақ жастарының діни білім алып, мешіт-медреселер тұрғызып, шәкірт тәрбиелеуі елдің рухани дамуына қосқан сүбелі үлес болып табылады. Доңызтаудағы діни-тұрғын кешендердің тұрғызылуына негіз болған осы діни тұлғалардың қызметі еді.

Тарих көшіндегі халықтың үлкен аймақтың тарихи мәдени дамуында қалдырған ізі сақталған ескерткіштерден анық көрініп тұр. Біздер зерттеп отырған тарихи ескерткіштердің кейбірінің сипаттамасы, кейбірінің фотолары жариялымға берілді. Мешіт ұстаған ишандар мен молдалардың өнегелі өмір жолдарына қатысты деректер жинау да ізденіс жұмыстарымыздың бір бағыты болып табылды. Алайда, осы жолда толықтыру, терең, әрі жан-жақты зерттеу жұмыстары әлі де жалғасуы тиіс.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «XVIII–XIX ғғ. Орал-Ембі өзендері аралығындағы қазақтардың кеңістіктің көшпелі менталдық картасы мен этнотерриториялық шекарасы» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі AP26197703).

Әдебиеттер

- Абдрахманов Б. (2004) Маңғыстау және суфизм. Абайтану оқулары, жинақ. Алматы. №5. 155 б.
- Абдуалиев А.Б. (2004) Некоторые вопросы взаимосвязей Младшого жуза с Хивинским ханством. Вестник КазНУ. №4. С. 48-53.
- Абдуалиев А. (2005) К вопросу об исламе и взаимоотношениях с Хивой в деятельности казахских лидеров в конце XVIII- первой половине XIX вв. Алаш (историко-этнологический журнал. №1. 68-73 б.
- Аджигалиев С.И. (1994) Памятники Доңызтау (Северный Устюрт). Известия НАН РК. №1. 49 с.
- Аджигалиев С. (1995) Культурно-исторические инновации в традиционной системе скотоводческого поселения казахов середины XIX века (К вопросу о генезисе стационарных кыстау). Культура кочевников на рубеже веков (XIX-XX, XX-XXI вв.): Проблемы генезиса и трансформации. Материалы международной конференций. Алматы: Государственный музей искусств им. А. Кастеева РК, Ассоциация «Рафах». 369 с.
- Ажигали С.Е. (2002) Архитектура кочевников феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало- Каспийского региона). Алматы: Ғылым. 654 с.
- Ажигали С.Е. (2002) Традиционная система скотоводческого поселения казахов (в историческом развитии). Этнографо-археологические комплексы. Проблемы культуры и социума. Т. 5. Новосибирск: Наука. (Сибирское отделение). 249 с.
- Ажигали С.Е. (2008) Отчет Западно-Казахстанской комплексной этноархеологической экспедиции- 2008 (Доңызтау). Архив ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова МОН РК. 76 с.
- Арғынбаев Х. (1987) Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер. 128 б.

- Әжіғали С.Е. (2006) «Кратер елінің» Асыл мұрасы. Көшпелі Арал-Каспий өңірінің тарихы мен мәдениеті туралы. Алматы: Дайк-Пресс. 160 б.
- Әжіғали С.Е., Әшім Б.Ә. (2021) Доңызтаудың Беспай және Изенағаш діни-тұрғын кешендеріндегі мешіттердің ерекшеліктері. Отан тарихы. №1(93). 170-180 б.
- Әйімбет ишан-ғұлама, ақын. (2004) Ислам әлемі. №5. 27 б.
- Әшім Б.Ә.(2020) Доңызтаудағы Беспай және Изенағаш діни-тұрғын кешендерінің мешіттері. EDU.E-HISTORY. KZ. №2(22). 126-133 б.
- Вайнберг Б. И. (1960) Туркменские поселения по Дарьялыку (по материалам Туркменского археолого-этнографического отряда 1957 г.) / Б. И. Вайнберг // Материалы Хорезмской экспедиции / отв. ред. С. П. Толстов. Москва: Изд-во АН СССР. Вып. 4. 198 с.
- Вайнберг Б.И. (1982) Жилье и хозяйственные постройки туркмен левобережного Хорезма в XIX в. Жилище народов Средней Азии и Казахстана. М.: Наука. 340 с.
- Воронина В.Л. (1971) Конструкция и образ в архитектуре средневекового Ирана. Искусство и археология Ирана. Государственный музей искусства народов востока. М.: Наука. 346 с.
- Вялов О.С. (1934) Колодцы и источники Устюрта. Известия государственного географического общества. Том. LXVI. Вып.1. Ленинград: Известия Государственного географического общества. 180 с.
- Герасимов И.П. (1930) Почвенные зоны в области Закаспийских степей и пустынь : отчет о работах почв.-ботанич. отряда Казахстанской экспедиции Академии наук СССР. Исследования 1926 г. Вып. 4. Ч. 2 / Материалы комиссии экспедиционных исследований. Ленинград: Изд-во АН СССР. 193 с.
- Джунусбаев С.М. (2004) Развитие мусульманского образования в южном Казахстане в конце XIX- начале XX в. Вестник КазНУ. №4. С. 62-65.
- Есбергенов Х.(1993) Қоңырат тарихий хәм мәдениет естеликери. Нөкіс: Билим. 104 б.
- Ескерткіш ел тарихы (1992) С.Е. Әжіғалидың жетекшілігімен құрылған ескерткіштер бағытнамасы. Ақтөбе: Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі. 142 б.
- Жданко Т.А. (1960) Работы каракалпакского этнографического отряда Хорезмской экспедиции в 1957 г. Материалы Хорезмской экспедиции. Вып.4. М.:Изд-во АН СССР. 214 с.
- Жерінің аты елінің хаты (энциклопедиялық анықтамалық). (2006). Алматы: Аруна. 808 б.
- Журнал экспедиции Ф.Ф. Берга (1963) // Первые русские научные исследования Устюрта. Сб.материалов. М.: Изд АН СССР. 326 с.
- И. Т. (1874) Мусульманские училища Туркистанского края // Журнал министерства народного просвещения. № 12. 182–215 с.
- Ларин И. (1928) Урочище Донгуз-Дау и его значение, как кормовой базы, в жизни рода Табын Адаевского уезда. Народное хозяйство Казахстана. №1. 120 с.
- Мадуанов С., М.Шалекенов. (2000) История взаимоотношений народов Туркистана в XVIII- начале XX вв. Туркистан: Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Яссави. 420 с.
- Муканов М.С. (1991) Этническая территория казахов в XVIII- начале XX веков. Алматы: Қазақстан. 64 с.
- Ремпель Л. И. (1982) Далекое и близкое. Бухарские записки (Страницы жизни, быта, строительного дела, ремесла и искусства Старой Бухары) / Л. И. Ремпель. Ташкент : Изд-во лит. и искусства им. Гафура Гуляма, 1982. 304 с.
- Сабитов С.М. (1950) Медресе и мектебы у казахов. Алма-Ата: Изд. АН КазССР. 44 с.
- Самашев З., Күшербаев К., Аманшаев Е., Астафьев А. (2007). Сокровища Устюрта и Мангышлака. Алматы: Археология. 400 с.
- Толстов С.П. (1962) По дельтам Окса и Яксарта. Москва: Восточная литература. 324 с.
- Тургамбаева Л.Р. (2011) Некоторые замечания об архитектуре казахских медресе // «Арал-Каспийский регион в истории и культуре Евразии»: Материалы II Международной научной конференции, посвященной 20-летию независимости Республики Казахстан. Алматы-Актобе: Арыс. 400 с.
- Тургамбаева Л.Р. (2012) К проблеме изучения культурно-жилищных комплексов Западного Казахстана // Материалы 1-го и 20-го Симпозиума по казахскому памятниковедению. Алматы-Атырау: Ағатай. 242 с.
- Шалекенов. У.Ш. (1964) К вопросу о взаимоотношениях казахских племен с оседлым и полуседлым населением Хорезма в XVIII–XIX вв. // VII Международный конгресс антропологических и этнографических наук. М.: Наука. 708 с.

References

- Abdrahmanov B. (2004) Mangystau zhane sufizm. [Mangystaw and Sufism] Abaytanu oqulary, zhinaq. Almaty. №5. 155 p. [in Kazakh]
- Abdualiev A.B. (2004) Nekotorye voprosy vzaimosvjazej Mladshogo zhuza s Hivinskim hanstvom. [Some issues of the relationship between the Junior Horde and the Khiva Khanate] Vestnik KazNU. №4. P. 48-53. [in Russian]
- Abdualiev A. (2005) K voprosu ob islame i vzaimootnoshenijah s Hivoj v dejatel'nosti kazahskih liderov v konce XVIII- pervoj polovine XIX vv. [On the issue of Islam and relations with Khiva in the activities of Kazakh leaders in the late 18th – first half of the 19th centuries] Alash (istoriko-jetnologicheskij zhurnal. №1. P. 68-73. [in Russian]
- Adzhigaliev S.I. (1994) Pamjatniki Donyztau (Severnyj Ustjurt). [Monuments of Donyztau (Northern Ustyurt)] Izvestija NAN RK. №1. 49 p. [in Russian]

- Adzhigaliev S. (1995) Kul'turno-istoricheskie innovacii v tradicionnoj sisteme skotovodcheskogo poselenija kazahov serediny XIX veka (K voprosu o genezise stacionarnyh kystau). [Cultural and historical innovations in the traditional system of cattle-breeding settlement of the Kazakhs in the mid-19th century (On the issue of the genesis of stationary kystau)]. Kul'tura kochevnikov na rubezhe vekov (XIX-XX, XX-XXI vv.): Problemy genezisa i transformacii. Materialy mezhdunarodnoj konferencij. Almaty: Gosudarstvennyj muzej iskusstv im. A. Kasteeva RK, Associaciya «Rafah». 369 p. [in Russian]
- Azhigali S.E. (2002) Arhitektura kochevnikov fenomen istorii i kul'tury Evrazii (pamjatniki Aralo- Kaspijskogo regiona) [Architecture of nomads: a phenomenon of the history and culture of Eurasia (monuments of the Aral-Caspian region)]. Almaty: Qylym. 654 p. [in Russian]
- Azhigali S.E. (2002) Tradicionnaja sistema skotovodcheskogo poselenija kazahov (v istoricheskom razvitii). [Traditional system of cattle-breeding settlement of the Kazakhs (in historical development)]. Jetnografo-arheologicheskie komplekсы. Problemy kul'tury i sociuma. T. 5. Novosibirsk: Nauka. (Sibirskoe otdelenie). 249 p. [in Russian]
- Azhigali S.E. (2008) Otchet Zapadno-Kazahstanskoj kompleksnoj jetnoarheologicheskoj jekspedicii- 2008 (Donyztau). [Report of the Western Kazakhstan Complex Ethnoarchaeological Expedition – 2008 (Donyztau)] Arhiv IJJe im. Ch.Ch. Valihanova MON RK. 76 p. [in Russian]
- Arqynbaev H. (1987) Qazaq halqynyn qoloneri [Crafts of the Kazakh people]. Almaty: Oner. 128 p. [in Kazakh]
- Azhiqali S.E. (2006) «Krater elinin» Asyl myrasy. Koshpeli Aral-Kaspij өнірінің тарихы мен madenietі туралы. [The Noble Heritage of the “Crater Country”]. Almaty: Dajk-Press. 160 p. [in Kazakh]
- Azhiqali S.E., Ashim B.A. (2021) Donuztaudyn Bespaj zhane Izenaqash dini-tyrqyn keshenderindegi meshitterdin ereksheликтері [Features of mosques in the Bespai and Izenagash religious and residential complexes of Donyztau]. Otan tarihy. №1(93). 170-180 p. [in Kazakh]
- Ajimbet ishan-qylama, ahyn. (2004) [Aimbet is a religious scholar, poet]. Islam alemi. №5. 27 p. [in Kazakh]
- Ashim B.A.(2020) Donuztaudaqy Besbaj zhane Izenagash dini-tyrqyn keshenderinin meshitteri [Mosques of the Bespai and Izenagash religious and residential complexes in Donyztau]. EDU.E-HISTORY.KZ. №2(22). P. 126-133. [in Kazakh]
- Vajnberg B. I. (1960) Turkmenskie poselenija po Dar'jalyku (po materialam Turkmenskogo arheologo-jetnograficheskogo otrjada 1957 g.) [Turkmen settlements along Daryalyk (based on materials of the Turkmen archaeological and ethnographic detachment of 1957)] / B. I. Vajnberg // Materialy Horezmskoj jekspedicii / otv. red. S. P. Tolstov. Moskva: Izd-vo AN SSSR. Vyp. 4. 198 p. [in Russian]
- Vajnberg B.I. (1982) Zhil'e i hozjajstvennye postrojki turkmen levoberezhnogo Horezma v HIH v. Zhilishhe narodov Srednej Azii i Kazahstana [Housing and outbuildings of the Turkmen of the left-bank Khorezm in the 19th century] M.: Nauka. 340 p. [in Russian]
- Voronina V.L. (1971) Konstrukcija i obraz v arhitekture srednevekovogo Irana. Iskusstvo i arheologija Irana. Gosudarstvennyj muzej iskusstva narodov vostoka. [Construction and image in the architecture of medieval Iran. Art and Archaeology of Iran. State Museum of Oriental Art]. M.: Nauka. 346 p. [in Russian]
- Vjalov O.S. (1934) Kolodcy i istochniki Ustjurta [Wells and springs of Ustyurt]. Izvestija gosudarstvennogo geograficheskogo obshhestva. Tom. LXVI. Vyp.1. Leningrad: Izvestija Gosudarstvennogo geograficheskogo obshhestva. 180 p. [in Russian]
- Gerasimov I.P. (1930) Pochvennyye zony v oblasti Zakaspijskikh stepei i pustyn' [Soil zones in the region of the Trans-Kasian steppes and deserts]. Otchet o rabotah pochn.-botanich. otrjada Kazahstanskoj jekspedicii Akademii nauk SSSR. Issledovanija 1926 g. Vyp. 4. Ch. 2 / Materialy komissii jekspedicionnyh issledovanij. Leningrad: Izd-vo AN SSSR. 193 p. [in Russian]
- Dzhunusbaev S.M. (2004) Razvitie musul'manskogo obrazovanija v juzhnom Kazahstane v konce XIX- nachale XX v. [Development of Muslim education in southern Kazakhstan in the late 19th – early 20th centuries Vestnik KazNU. №4. P. 62-65. [in Russian]
- Esbergenov H.(1993) Qonyrat tarihiy hөm mөdeniy estelikleri [Historical and cultural monuments of Konyrat]. Nokis: Bilim. 104 p. [in Karakalpak]
- Eskertkish el tarihy (1992) [History of the Monumental Country]. S.E. Azhigalidyń zhetekshiligimen qyrylgan eskertkishter bagytnamasy. Aktobe: Aktobe oblystyg tarihi-olketanu muzeji. 142 p. [in Kazakh]
- Zhdanko T.A. (1960) Raboty karakalpakskogo jetnograficheskogo otrjada Horezmskoj jekspedicii v 1957 g. [Works of the Karakalpak ethnographic detachment of the Khorezm expedition in 1957]. Materialy Horezmskoj jekspedicii. Vyp.4. M.:Izd-vo AN SSSR. 214 p. [in Russian]
- Zherinnin aty elinnin haty (jenciklopedijalyq anyktamalyk). (2006) [The name of your land is the letter of your country] Almaty: Aruna. 808 p. [in Kazakh]
- Zhurnal jekspedicii F.F. Berga (1963) [Journal of the expedition of F.F. Berg] // Pervye russkie nauchnye issledovanija Ustjurta. Sb.materialov. M.: Izd AN SSSR. 326 p. [in Russian]
- I. T. (1874) Musul'manskie uchilishha Turkistanskogo kraja [Muslim schools of the Turkestan region]// Zhurnal ministerstva narodnogo prosveshhenija. № 12. 182–215 p. [in Russian]
- Larin I. (1928) Urochishhe Donguz-Dau i ego znachenie, kak kormovoj bazy, v zhizni roda Tabyn Adaevskogo uezda [The Donguz-Dau tract and its importance as a forage base in the life of the Tabyn clan of the Adayevsky district]. Narodnoe hozjajstvo Kazakstana. №1. 120 p. [in Russian]
- Maduanov S., M.Shalekenov. (2000) Istoriya vzaimootnoshenij narodov Turkistana v XVIII- nachale XX vv. [History of relations between the peoples of Turkistan in the 18th – early 20th centuries] Turkistan: Mezhdunarodnyj kazahsko-tureckij universitet im. H.A. Jassavi. 420 p. [in Russian]
- Mukanov M.S. (1991) Jetnicheskaja territorija kazahov v XVIII- nachale XX vekov [Ethnic territory of the Kazakhs in the 18th – early 20th centuries] Almaty: Qazaqstan. 64 p. [in Russian]

Rempel' L. I. (1982) Dalekoe i blizkoe. Buharskie zapiski (Stranicy zhizni, byta, stroitel'nogo dela, remesla i iskusstva Staroj Buhary) [The Distant and the Near. Bukhara Notes. Distant pages of life, construction, crafts and art of Old Bukhara and nearby] / L. I. Rempel'. Tashkent : Izd-vo lit. i iskusstva im. Gafura Guljama, 1982. 304 p. [in Russian]

Sabitov S.M. (1950) Medrese i mekteby u kazahov [Madrasahs and mektebs among the Kazakhs] Alma-Ata: Izd. AN KazSSR. 44 p. [in Russian]

Samashev Z., Kuserbaev K., Amanshaev E., Astaf'ev A. (2007). Sokrovishha Ustjurt i Mangishlaka. [Treasures of Ustyurt and Mangyshlak]Almaty: Arheologija. 400 p. [in Russian]

Tolstov S.P. (1962) Po del'tam Oksa i Jaksarta [Along the deltas of Oxus and Jaxartes]. Moskva: Vostochnaja literatura. 324 p. [in Russian]

Turgambaeva L.R. (2011) Nekotorye zamechaniya ob arhitekture kazahskih medrese [Some remarks on the architecture of Kazakh madrasahs] // «Aralo-Kaspijskij region v istorii i kul'ture Evrazii»: Materialy II Mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii, posvjashhennoj 20-letiju nezavisimosti Respubliki Kazahstan. Almaty-Aktobe: Arys. 400 p. [in Russian]

Turgambaeva L.R. (2012) K probleme izuchenija kul'tovo-zhilishhnyh kompleksov Zapadnogo Kazahstana [On the problem of studying cult and residential complexes of Western Kazakhstan]. // Materialy 1- go i 20-go Simpoziuma po kazahskomu pamjatnikovedeniju. Almaty-Atyrau: Arataj. 242 p. [in Russian]

Shalekenov. U.Sh. (1964) K voprosu o vzaimootnoshenijah kazahskih plemen s osedlym i poluosedlym naseleniem Horezma v XVIII–XIX vv. [On the issue of interactions between the Kazakh tribes and the sedentary and semi-sedentary population of Khorezm in the 18th – 19th centuries] // VII Mezhdunarodnyj kongress antropologicheskij i jetnograficheskij nauk. M.: Nauka. 708 p. [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Рахбаев Қонысбай Қыдырбаевич – докторант, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: konysbai1980@mail.ru). ORCID: 0000-0002-3285-994X.

Избасарова Гүлбану Болатовна – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Тарих кафедрасының меңгерушісі (Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: izbassarovagulbanu@gmail.com). ORCID: 0000-0002-4123-7501.

Information about the authors:

Rakhbayev Konysbay – doctoral student, K. Zhubanov Aktobe Regional University (Aktobe, Kazakhstan, e-mail: konysbai1980@mail.ru) ORCID: 0000-0002-3285-994X

Izbassarova Gulbanu – Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Department of History K. Zhubanov Aktobe Regional University (Aktobe, Kazakhstan, e-mail: izbassarovagulbanu@gmail.com) ORCID: 0000-0002-4123-7501

Сведения об авторах:

Рахбаев Қонысбай Қыдырбаевич – докторант, Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова (Актөбе, Казахстан, e-mail: konysbai1980@mail.ru) ORCID: 0000-0002-3285-994X

Избасарова Гүлбану Болатовна – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедры Истории Актюбинского регионального университета им. К. Жубанова (Актөбе, Казахстан, e-mail: izbassarovagulbanu@gmail.com). ORCID: 0000-0002-4123-7501

Келін түсті: 27.12.2025

Қабылданды: 19.02.2026